

Еңсесі биік шаңырақ

Шопанаева Л.Ә.,

Балқаш қалалық кітапхана хуіесінің директоры



XXI ғасыр - мәдениеттің, ғылым мен білімнің ғасыры. Бар білімнің қайнар көзі - кітапханада.

Балқаш қаласы өзінің ірі өндіріс орны Мыс алыбымен, не болмасе төңізге тұрарлық әсем көлімен ғана әйгілі емес, білім булағы - кітапханаларымен де қалың елге танымал.

Мұнда алғашқы кітапханалар сонау 1934 жылдары қурыла бастаған. Мұрағат қужаттарына сүйенсек, сол кездегі "қызыл отауларға" ор-напасқан шағын кітапханалар түнгі сағат 12.00-ге дейін жұмыс істеп, алып өндірісті игеруге келген әр ұлттың өкілдеріне қызмет еткен. Кі-тапханалар қаламен бірге дамып, 70 жылдай қалың оқырманға рухани байлықсыйлап, ақпарат бөрудө.

Сәкен Сейфуллин атындағы Орталық кітапхана 1939 жылы қурылып, 450 дана кітабымен ашылған. 1994 жылы кітапханаға С.Сейфуллин есімі берілді. 1991 жылдан бөрі іс қағаздары мемлекеттік тілге көшіріліп, тиянақты жұмыс істөп келөді. 1977 жы-лы орталықтандырылған кітапхана жүйесі қурылып, қурамына 22 кітапхана енді. Директоры жігерлі дө қайсар 25 жасар Турымтөй Өмірсерікқызы Қойшыманова болатын. Қазір ол Республикалық ауыл шаруашылық кітапханасының басшысы. Одөн кейін ордалы білім шаңырағын білікті де талапты, жастарға іскерлігімөн, ойының терендігімөн үлгі болған Хасено-ва Турсын Бимырзақызы басқарды. Кітапхананың өсіп-өркендеуіне маған дейін басшылық еткен та-

маша адамдардың өнегесі бүгінгі таңда өз жалғасын табуда.

1990 жылдары нарықтың қыспағына тускен мәдени ошақтардың оты біртіндеп сөне бастады. бул қилы кезең біздіңде басымызға келді. 1996 жылы 5 кітапхана жабылып, Балқаш қаласы кітапхана жүйесінің қурамында 8 мемлекөттік кітапхана қалды. Қдражаттың тапшылығынан 30 кәсіби маман қысқарту саясатына ілінді. Жабылған кітапханалардың қоры Орталық кітапханаға өкелініп, муқиятты түрдө тексеріліп, сөре-лердөн орын алды- Бүгінгі күнде орталықтанған кітапхана жүйесінің кітап қоры 500-000 данаға жуық. 25 мың оқырманға жылына 650.000-нан аса кітап бөріледі. Штаттағы кі-тапханашылар саны небары - 37 адам.

"Оңтайландыру" саясатында әр басылымға жанашырлықпен қарап, білім булағының нәрін қазіргі ұрпаққа жеткізіп, халқымыздың рухани қазынасы - кітаптарды сақғап қалған әріптестеріме айтар алғысым ше-сіз. Түсінген адамға кітап - баға жөтпес байлық. Кітап - көпті көрген көнекөз ақсақалдай тағылымы көп, тәрбиесі мол ақылшың да сырласың.

Балқаш қаласының Орталықтанған кітапхана жүйесінде білікті де тә-жірибелі шығармашылық қабілеті мол тамаша қыз-келіншектер-еңбек етеді. Бойларында намысы бар мамандар әр кезде биіктен шрінгісі келіп, кітапхананы алдыңғы қатарлы, XXI ғасыр талабына сай түрлендіріп, нурландыруға тырысады.

Көп қабөтты үйдің 2 қабатын {2000 ш.м.) алып жатқан кітапхана есіктен кірген оқырманға білім шуағын шашып, көңілге ұлттық рух уялатады. Әсем безендірілген "Өлөм таныған Қ.азақстан", "Ғасырға қанат қаққан қөзақ өнері", "Ерлік толы дала-мыз, батыр біздің, бабамыз", "Нурлы өлкем - кенді Балқаш", "Ауылым - асыл жерім, туған елім", "Кітап -

ғасырларға сапар шеккен ақыл ескерткіші", "Көңілі жырлы, өмірі сырлы Балқаш қаламгерлері" атты кітөп көрмөлері оқырманды өзіне тартып, білімге бет бургызады.

Орталықкітапхананың «Кітап қорын сақтау», "Кітаптарды өндеу және жинақтау", "Оқырмандарға қызмет көрсету", "Ақпаратты-библиография", "Әдістеме бөлімдері" мен "Кітапхана жұмысын автоматтөндыру" секторының қызметкерлері өз міндеттеріне ерекше жауапкершілік-пен қарап, оқырмандар игілігі үшін еңбек етудө. Мамандар ой-өрісі мықты, қабілеті дарынды жастарға өрекше назар қойып, жан-жақты білімін кітап, мерзімді басылым-дар арқылы шындауға көңіл ауда-рады-Мәселек "Хабар" төлеарнасы ұйымдастырып журген "XXI ғасыр көшбасшысының" президенті Ер-Сағын Зейнелғабдин біздің оқырмөнымыз екенін мақтанышпөн айтып жүрөміз.

Кітапхана ардагерлері Қ. Әбішева, Л. Кудасова. І Кобдикова, З. Мажманова, Н. Син, Л. Қалкеева, Н. Садыкова, Р. Ысқақова өздерінің мол төжірибесін бөлісіп, жастарға аманат ретінде уйретуден жалықпайды. Ал орта буын мамандар Г. Башарова, А. Арзымбетова, Б. Қурманова. Л. Власова, З. Блялова, А. Садыкова. Ж. Сопина, Н. Омарбекова біздің ұжымныңүміті, болашағы, тірегі.

Кітапхана мамандары өз жумьютарын "Мемлекеттік тілмен - XXI ғасырға", "Балқаш кітапханаларының қамқоршысы", "Білімге талпыкга-балдырган балапандар", "Эколо-



гия қасіреті - халық дерті", т.б. жобабағдарламалар аясында іске асыруда.

Қиын-қыстау өтпелі кезеңге бюджеттің тапшылығын сезген ужым, кітапхана дамуының басқа жолдарын іздеп, тағылымы мол тірлік жасады: әр мереке сайын қалада ұйымдастырылатын мәдени шаралар, байқауларға қатысып, кітапхана қорына біраз заттар утып алды. Олар түрлі-түсті теледидар, магнитофондар, фотоаппараттар, аудиомангитофондар, т.б. заттарды сайыстардан жеңіп алып, өздерінің көпшілік жұмыстарына пайдаланды. Біздің кітапханашылар дарынды да инабатты, қолынан бәрі келетін іскер ханымдар. Журнал үлгілеріне қарап отырып ерекше ұлттық киімдер тігіп, "Наурыз мейрамында" 2 жыл қатарынан "Қазақ халқының ұлттық киімдері" байқауында өндіріс ұжымдары арасында бас жүлдеге ие болып жүр. Жыл сайын Бектауата бөктерінде ұйымдастырылатын қалалық туристік слётке қатысып, алғашқы орындардан көрінуде. Балқаш қаласының тұрғындары да кітапхана қауымына ерекше сыйластықпен қарап, беделін арттырып, қолдау көрсетіп отырады.

Жаңа бастама жаңа нәтиже беретінін сезген кітапхана ужымы 1989 жылдан бері ақылы қызмет көрсету жұмысымен айналысып келеді. 1 жыл бойына осы қызметтен түскен қаражат аз да болса кітапхананың кейбір қажеттілігіне жарап, көмегін тигізіп турушы еді. Өкінішке орай,

Мәдениет министрлігінің шешімімен кітапханалардың арнайы есеп шоттары жабылғанына да біраз жыл болды. Оқырманнан жинайтын 5-10 теңге жергілікті бюджетке «тамшылап» болса да құйылуда. Соңғы 4 жылда ақылы қызмет көрсетуден 692.000 теңге қаражат түскен емес пе? Осы қаражатты пайдалануға «еркіндік» берілсе, менің кітапханам әлемдік кеңістікте қалқып жүрер еді?!

Қарағанды облысында 18 орталықтандырылған кітапхана жүйесі бар. Олардың ішінде ең бірінші болып интернет жүйесіне қосылып, электрондық почтаны да алғаш ашқан Балқаш қалалық кітапхана жүйесі еді. "Кітапхана сайты" да жақын арада әлемдік кітапхана кеңістігінен орын алатынына сеніміміз зор.

Компьютер арқыпы өлкетану тақырыбын қамтитын бірнеше әдістеме-библиографиялық құралдары кітап ретінде жарық көріп отыр. Жаңа бастамаға жаны құмар жастар жетерлік. Табиғатынан тез ұғыну қабілеті басым кітапханашы Жанар Әлиева компьютердің «құлағында ойнайды» десем артық айтпаған болармын. Компьютер қазіргі кезде, әрине бәрінде де бар, оны тез арада, ұқыпты түрде игеру кез келген адамның қолынан келе бермейді.

2004 жылғы алға қойған негізгі мақсатымыз: кітапхана жүйесін автоматтандыру қызметін өркендетіп, интернет-класс ашу, мекемеміздің

Материалдық-техникалық базасын нығайту.

Кітапхана қызметі менің бар өмірімнің өзекті мәселесі, 30 жылдай бір жерде еңбек етсең, ол сенің жаныңа жақын үйіндей болып кетеді емес пе. С.Сейфуллин атындағы кітапхананың әр бұрышы, әр кітабы, әр мүлкі мен үшін қымбат дүние саналады.

Алеңді мені толғандыратын мәселе - мән-мағынасы аса зор, алайда көзге көріне бермейтін ісімізді ел тұтқасын ұстаған азаматтардың байқамайтыны бағаламайтыны. Ой-өрісі мықғы, жан-жақты білімді интеллектуалдар ордасы - кітапхана екенін мемлекет басшылары қалайша түсінбейді?!

Қадірлі менің әріптестерім! Бізге адалеңбек, кәсіби біліктіліктен басқа емірлік белсенділік, жанайқайы қажет-ақ. Кітапхана имиджін көтеру тек өзімізге байланысты. Кітапханаларды қорғайтын заң, мамандығымызды асқақтататын "Кітапхана күнінің" болуы, еңбегіміздің бағаланып, қаражатымыздың көтерілуіне жұмыла күш-жігер жұмсау керек екені сөзсіз.

Инабатты да білікті, еңбекқор, табиғатынан зиялы, кез келген қиындыққа қарсы тұра алатын кітапханашы әріптестеріміздің игілікті ісі қоғамға қажет-ақ.

Білім булағының қайнар көзі - кітапханалар сарқылмай, өрлеп, өркендей берсін!

